

Дербес сәйкестендіру нөмір-кодтарын беру қағидаларын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 10 желтоқсандағы № 646 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2015 жылы 29 желтоқсанда № 12615 болып тіркелді.

РҚАО-ның ескертпесі!

Бұйрық 01.01.2016 ж. бастап қолданысқа енгізіледі.

"Этил спирті мен алкоголь өнімінің өндірілуін және айналымын мемлекеттік реттеу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 4-бабы 8-2) тармақшасына және "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 10-бабы 1) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН**:

Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда – ҚР Қаржы министрінің 10.11.2021 № 1157 (01.01.2022 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1. Қоса беріліп отырған Дербес сәйкестендіру нөмір-кодтарын беру қағидалары бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитеті (Д.Е. Ергожин):

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық мемлекеттік тіркеуден өткеннен кейін он күнтізбелік күн ішінде оны мерзімді баспа басылымдарында және "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесіне жіберілуін, сондай-ақ "Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорыны Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің Эталондық бақылау банкінде ресми жариялауға орналастырылуын;

3) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрық 2016 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялауға жатады.

Министр

Б. Сұлтанов

Қазақстан Республикасы
Қаржы министрінің
2015 жылғы 10 желтоқсандағы
№ 646 бұйрығымен
бекітілген

Дербес сәйкестендіру нөмір-кодтарын беру қағидалары

Ескерту. Қағида жаңа редакцияда – ҚР Қаржы министрінің 10.11.2021 № 1157 (01.01.2022 бастап қолданысқа енгізіледі) бүйрығымен.

1-тaraу. Жалпы ережелер

1. Осы Дербес сәйкестендіру нөмір-кодтарын беру қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Этил спирті мен алкоголь өнімінің өндірілуін және айналымын мемлекеттік реттеу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 4-бабы 8-2) тармақшасына және "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Заң) 10-бабы 1) тармақшасына сәйкес әзірленген және дербес сәйкестендіру нөмір-кодтарын этил спирті және/немесе толысылған шараппен, алкоголь өнімі өндірушілеріне және импорттаушыларына (сыра қайнату өнімдерінен басқа) беру тәртібін айқындауды.

2. Дербес сәйкестендіру нөмір-кодтары Қазақстан Республикасында өндірілетін немесе Қазақстан Республикасының аумағына әкелінетін этил спирті және/немесе толысылған шарап, алкоголь өнімі өндірушілеріне және иморттаушыларына (сыра қайнату өнімдерінен басқа) (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті алушы) беріледі.

2-тaraу. Мемлекеттік қызметті көрсету тәртібі

3. "Мұнай өнімдерінің жекелеген түрлерін өндірушілерге (импорттаушыларға), сондай-ақ акцизделетін өнімдердің кейбір түрлерін, авиациялық отын мен мазут өндірушілер мен импорттаушылардың тауарларына дербес сәйкестендіру нөмірін (ДСН-код) беру" мемлекеттік көрсетілетін қызметті акцизделетін өнімдердің кейбір түрлерін өндірушілер мен импорттаушылардың тауарларына дербес сәйкестендіру нөмір-кодтарын беру бөлігінде Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Мемлекеттік кірістер комитетінің облыстар, Астана, Алматы және Шымкент қалалары бойынша аумақтық органдары (бұдан әрі - көрсетілетін қызметті беруші)" Азаматтарға арналған үкімет" Мемлекеттік корпорациясы" коммерциялық емес акционерлік қоғамы (бұдан әрі – Мемлекеттік корпорация) арқылы көрсетеді.

Ескерту. 3-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Қаржы министрінің 26.12.2022 № 1322 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бүйрығымен.

4. Көрсетілетін қызметті алушылар Мемлекеттік корпорация арқылы көрсетілетін қызметті берушіге:

1) этил спирті және/немесе толысылған шарапқа:

этил спирті және/немесе толысылған шарап өндірісін және/немесе импортын жүзеге асыру басталғанға дейін 3 (үш) жұмыс қүнінен кешіктірмей осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша этил спирті және/немесе толысылған шарапқа дербес сәйкестендіру нөмір-кодтарын беруге арналған өтінішті;

2) алкоголь өніміне (сыра қайнату өнімдерінен басқа):

"Есепке алу-бақылау маркаларын алу, есепке алу, сақтау, беру және өндірушінің және (немесе) импорттаушының алкоголь өнімін өндіру және (немесе) Қазақстан Республикасына импорттау кезінде есепке алу-бақылау маркаларын нысаналы пайдалану туралы міндеттемесін, есебін ұсыну қағидаларын, сондай-ақ осындай міндеттемені есепке алу тәртібі мен қамтамасыз ету мөлшерін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2018 жылғы 8 ақпандығы № 144 бұйрығымен бекітілген Есепке алу-бақылау маркаларын алу, есепке алу, сақтау, беру және өндірушінің және (немесе) импорттаушының алкоголь өнімін өндіру және (немесе) Қазақстан Республикасына импорттау кезінде есепке алу-бақылау маркаларын нысаналы пайдалану туралы міндеттемесін, есебін ұсыну қағидаларына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 16437 болып тіркелген) 5 немесе 6-қосымшаларға сәйкес нысан бойынша есепке алу-бақылау маркаларын алуға арналған өтінішті береді.

Ескерту. 4-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Қаржы министрінің 26.12.2022 № 1322 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

5. Осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес жазылған "Мұнай өнімдерінің жекелеген түрлерін өндірушілерге (импорттаушыларға), сондай-ақ акцизделетін өнімдердің кейбір түрлерін, авиациялық отын мен мазут өндірушілер мен импорттаушылардың тауарларына дербес сәйкестендіру нөмірін (ДСН-код) беру". мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі.

Ескерту. 5-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Қаржы министрінің 26.12.2022 № 1322 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

6. Мемлекеттік корпорация арқылы өтінішті қабылдау көрсетілетін қызметті алушының тіркелген жері бойынша "электрондық" кезек тәртібінде жеделдетілмеген қызмет көрсету түрінде жүзеге асырылады, электрондық кезекті брондауға болады.

Жеке басын қуәландыратын құжат туралы немесе цифрлық құжаттама сервисінен электрондық құжатты (сәйкестендіру үшін) Мемлекеттік корпорацияның қызметкери тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден "электрондық үкімет" шлюзі арқылы алады.

Көрсетілетін қызметті алушы осы Қағидаларда көзделген құжаттардың топтамасын толық ұсынбаған жағдайда, Мемлекеттік корпорацияның қызметкери құжаттарды қабылдаудан бас тартады және осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша құжаттарды қабылдаудан бас тарту туралы қолхат береді.

Көрсетілетін қызметті алушы құжаттардың толық топтамасын Мемлекеттік корпорация арқылы ұсынған кезде, көрсетілетін қызметті алушыға қабылданған құжаттардың тізбесі көрсетілген өтініш берушіден тиісті құжаттарды қабылдағаны туралы ақпараттық мониторинг жүйесі берген штрих-коды бар қолхат беріледі, онда

өтінішті қабылдаған қызметкердің тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), өтініштің берілген күні мен уақыты, сондай-ақ дайын құжаттарының берілген күні көрсетіледі. Мемлекеттік корпорация қабылданған құжаттарды көрсетілетін қызметті берушіге курьер байланысы және (немесе) пошта байланысы және (немесе) ақпараттық жүйе арқылы жолдайды.

Көрсетілетін қызметті берушінің құжаттарды қабылдауға жауапты құрылымдық бөлімшесі құжаттар түсken күні қабылдауды және тіркеуді жүзеге асырады (көрсетілетін қызметті алушы Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, демалыс және мереке күндері жүгінген кезде өтініштер қабылдау мен мемлекеттік қызмет көрсету нәтижелерін беру келесі жұмыс күні жүзеге асырылады).

Уәкілетті органның жауапты құрылымдық бөлімшесінің қызметкері осы Қағидалардың 4-тармағында көрсетілген құжаттардың осы Қағидалардың талаптарына сәйкестігін қарайды.

Құжаттарды өндөуге жауапты қызметкер "Есепке алу-бақылау маркаларды және Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Банкнот фабрикасы" республикалық мемлекеттік кәсіпорынының басқа баспа өнімдерін бақылау, есептеу және беру" ақпараттық жүйесіне құжаттарды енгізеді және құжат алған күннен бастап 2 (екі) жұмыс күні ішінде өндейді және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін Мемлекеттік корпорацияға курьерлік, пошта байланысы және (немесе) ақпараттық жүйе арқылы мемлекеттік қызметті көрсетудің мерзімі өткенге дейін бір тәуліктен кешіктірмей жолдайды.

Мемлекеттік корпорацияда дайын құжаттарды беру жұмыс кестесіне сәйкес (немесе Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасына сәйкес берілген, өкілдің тиісті өкілеттіктері көрсетілетін құжаттың негізінде әрекет ететін оның өкілі) жеке басын куәландыратын құжатты немесе цифрлық құжаттар сервисінен электрондық құжатты (сәйкестендіру үшін) көрсеткен кезде жүзеге асырылады.

Мемлекеттік корпорация құжаттардың 1 (бір) ай сақталуын қамтамасыз етеді, одан кейін оларды көрсетілетін қызметті берушіге сақтауға береді.

Көрсетілетін қызметті алушы 1 (бір) ай мерзім өткеннен кейін жүгінген кезде Мемлекеттік корпорацияның сұрау салуы бойынша көрсетілетін қызметті беруші 1 (бір) күн ішінде дайын құжаттарды Мемлекеттік корпорацияға көрсетілетін қызметті алушыға беру үшін жолдайды.

Ескерту. 6-тармаққа өзгеріс енгізілді - КР Премьер-Министрінің орынбасары - Қаржы министрінің 26.12.2022 № 1322 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он құн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бүйрыймен.

7. Көрсетілетін қызметті беруші дербес сәйкестендіру нөмір-кодының беруін мынадай:

1) "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндettі төлемдер туралы" Қазақстан Республикасы Кодексінің (Салық кодексі) 88-бабына сәйкес салық салу объектілерінің және (немесе) салық салуға байланысты объектілердің орналасқан жері бойынша жекелеген қызмет түрлерін жүзеге асыратын салық төлеуші ретінде тіркеу есебіне қойылмаған;

2) этил спиртіне және/немесе толысылған шарапқа, алкоголь (сыра қайнату өнімінен басқа) өніміне дербес сәйкестендіру нөмір-кодтары болған жағдайларда бас тартады.

8. Осы Қағидалардың 7-қосымшасында көзделген жағдайларда, дербес сәйкестендіру нөмір-кодын беруден бас тартуды алған кезде, көрсетілетін қызметті алушы осы Қағидаларда белгіленген тәртіпте дербес сәйкестендіру нөмір-кодын беруге арналған өтінішті қайтадан береді.

9. Заңның 5-бабы 2-тармағының 11) тармақшасына сәйкес деректерді мемлекеттік қызметтерді көрсету мониторингінің ақпараттық жүйесіне енгізу тәртібі "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді көрсету мониторингінің ақпараттық жүйесіне мемлекеттік көрсетілетін қызметті көрсету сатысы туралы деректер енгізу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрінің міндettін атқарушының 2013 жылғы 14 маусымдағы № 452 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8555 болып тіркелген) бекітілген Мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді көрсету мониторингінің ақпараттық жүйесіне мемлекеттік көрсетілетін қызметті көрсету сатысы туралы деректер енгізу қағидаларында айқындалады.

Осы Мемлекеттік көрсетілетін қызмет қағидаларына өзгерістер (және) немесе толықтырулар енгізу кезінде көрсетілетін қызметті беруші Қазақстан Республикасы Әдіlet министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін 3 (үш) жұмыс күні ішінде мемлекеттік қызметтерді көрсету тәртібі туралы ақпаратты Бірыңғай байланыс орталығына жібереді.

Ескерту. 9-тармақ жаңа редакцияда - КР Премьер-Министрінің орынбасары - Қаржы министрінің 26.12.2022 № 1322 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

10. Дербес сәйкестендіру нөмір-кодтарын беруді ақпараттық жүйеде құру кезінде осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша фасеттік кодтау жүйесінің құрылымы пайдаланылады.

З-тарау. Көрсетілетін қызметті берушілердің және (немесе) олардың лауазымды адамдарының, Мемлекеттік корпорацияның және (немесе) олардың қызметкерлерінің мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағымдану тәртібі

11. Көрсетілетін қызметті беруші мемлекеттік қызметтер көрсету нәтижесімен келіспеген жағдайда көрсетілетін қызметті берушінің мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағым Заңға сәйкес:

көрсетілетін қызметті беруші басшысының атына;

салық және бюджетке төленетін төлемдердің түсімдерін қамтамасыз ету саласында басшылықты жүзеге асыратын уәкілетті орган басшысының атына;

мемлекеттік қызметкерді көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органға беріледі.

Бұл ретте Мемлекеттік корпорация қызметкерлерінің әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағым мемлекеттік қызмет Мемлекеттік корпорация арқылы көрсетілген кезде Мемлекеттік корпорация басшысының атына, не ақпараттандыру саласындағы уәкілетті органға беріледі.

12. Көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызметтерді тікелей көрсететін көрсетілетін қызметті берушінің атына келіп түскен шағымы Заңның 25-бабының 2-тармағына сәйкес тіркелген күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде қаралуға жатады.

Көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызмет көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органның атына келіп түскен шағымы тіркелген күннен бастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде қаралуға жатады.

13. Жоғары тұрған әкімшілік орган, лауазымды адам, мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті орган (бұдан әрі – шағымды қарайтын орган) мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша шағымды қарауды жүргізеді.

Шешімі әкімшілік әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым жасалатын көрсетілетін қызметті берушігे және/немесе олардың лауазымды тұлғаға беріледі.

Шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым жасалатын көрсетілетін қызметті беруші, лауазымды адам шағым келіп түскен күннен бастап 3 (үш) жұмыс күнінен кешіктірмей оны және әкімшілік істі шағымды қарайтын органға жібереді.

Бұл ретте шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым жасалатын көрсетілетін қызметті беруші, лауазымды адам, егер ол 3 (үш) жұмыс күні ішінде шағымда көрсетілген талаптарды толық қанағаттандыратын шешім не әкімшілік әрекет жасаса, шағымды қарайтын органға шағымды жібермеуге құқылы.

Лауазымды адам әкімшілік рәсімге қатысуышыға әкімшілік іс бойынша алдын ала шешімге өз ұстанымын білдіруге мүмкіндік береді, бұл туралы әкімшілік рәсімге қатысуши алдын ала, бірақ әкімшілік акт қабылданғанға дейін 3 (үш) жұмыс күнінен кешіктірмей хабардар етіледі.

Егер заңда өзгеше көзделмесе, сотқа дейінгі тәртіппен шағым жасалғаннан кейін сотқа жүгінуге жол беріледі.

қағидаларына
1-қосымша
Нысан

Этил спиртіне және/немесе толысылған шарапқа дербес сәйкестендіру нөмір-кодтарын беруге арналған өтініш

бойынша
(облыс/кала)
Мемлекеттік кірістер органының
басшысына

20__ жылғы "___" ____

Субъектінің атауы:

Субъектінің жеке сәйкестендіру/бизнес-сәйкестендіру нөмірі:

Субект типі (өндіруші және/немесе импорттаушы):

№	Өндірушінің (импорттаушының) атауы	Өнімнің түрі	Өнімнің атауы
1	2	3	4

Басшы _____

тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда) (қолы)

Дербес сәйкестендіру
нөмір-кодтарын
беру қағидаларына
2-қосымша

Ескерту. 2-қосымша жана редакцияда - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Қаржы министрінің 26.12.2022 № 1322 (алғашқы реңми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Нысан

"Мұнай өнімдерінің жекелеген түрлерін өндірушілерге (импорттаушыларға), сондай-ақ акцизделетін өнімдердің кейбір түрлерін, авиациялық отын мен мазут өндірушілер мен иморттаушылардың тауарларына дербес сәйкестендіру нөмірін (ДСН-код) беру" мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын талаптардың тізбесі

1	Көрсетілетін қызметті берушінің атауы	Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Мемлекеттік кірістер комитетінің облыстар, Нұр-Сұлтан, Алматы және Шымкент қалалары бойынша аумақтық органдары
2	Мемлекеттік қызмет көрсету тәсілдері	"Азаматтарға арналған үкімет" Мемлекеттік корпорациясы" коммерциялық емес акционерлік қоғамы (бұдан әрі – Мемлекеттік корпорация).
3	Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі	2 (екі) жұмыс күні ішінде;

4	Мемлекеттік қызмет көрсетеу нысаны	электрондық (ішінара автоматтандырылған) және (немесе) қағаз түрінде.
5	Мемлекеттік қызмет көрсетеу нәтижесі	4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша дербес сәйкестендіру нөмір-кодын беру немесе дәлелді бас тарту.
6	Мемлекеттік қызмет көрсетеу кезінде көрсетілетін қызметті алушыдан алынатын төлемақы мөлшерін және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда оны алу тәсілдері	мемлекеттік қызмет жеке және занды тұлғаларға тегін негізде көрсетіледі.
7	Көрсетілетін қызметті берушінің және Мемлекеттік корпорацияның жұмыс кестесі	<p>1) көрсетілетін қызметті беруші – Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне және "Қазақстан Республикасындағы мерекелер туралы" Қазақстан Республикасының Заңына (бұдан әрі – Мерекелер туралы заң) сәйкес демалыс және мереке күндерін қоспағанда, белгіленген жұмыс кестесіне сәйкес дүйсенбіден жұмаға дейін, сағат 13.00–ден 14.30-ға дейін тұскі үзіліспен, сағат 09.00–ден 18.30-ға дейін.</p> <p>Мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін алдын ала жазылу талап етілмейді, жеделдетілген қызмет көрсетеу көзделмеген;</p> <p>2) Мемлекеттік корпорация – Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне және Мерекелер туралы заңына сәйкес жексенбі, мереке күндерін қоспағанда, дүйсенбіден сенбіге дейін, белгіленген жұмыс кестесіне сәйкес тұскі үзіліссіз сағат 9.00–ден 20.00-ге дейін.</p> <p>Қабылдау электрондық кезек тәртібімен көрсетілетін қызметті алушының тіркеу орны бойынша жеделдетілген қызмет көрсетусіз жүргізіледі, электрондық кезекті брондауға болады.</p>
		1) этил спирті және/немесе толысылған шарапқа: этил спиртіне және/немесе толысылған

8	<p>Мемлекеттік қызмет көрсетеү үшін көрсетілетін қызметті алушыдан талап етілетін құжаттар мен мәліметтердің тізбесі</p>	<p>шарапқа дербес сәйкестендіру нөмір-кодтарын беруге арналған етініш;</p> <p>2) алкоголь өніміне (сыра қайнату өнімдерінен басқа): есепке алу-бақылау маркаларын алуға арналған етініш.</p>
9	<p>Мемлекеттік қызмет көрсетеуден бас тарту үшін Қазақстан Республикасының зандарында белгіленген негіздерді қамтитын, мемлекеттік қызмет көрсетеуге койылатын негізгі талаптар тізбесі</p>	<p>Көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызмет көрсетеуден:</p> <p>1) "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндettі төлемдер туралы" Қазақстан Республикасы Кодексінің (Салық кодексі) 88-бабына сәйкес, салық салу объектілерінің және (немесе) салық салуға байланысты объектілердің орналасқан жері бойынша жекелеген қызмет түрлерін жүзеге асыратын салық төлеуші ретінде тіркеу есебіне қойылмаған; 2) этил спиртіне және/немесе толысылған шарапқа, алкоголь өніміне (сыра қайнату өнімдерінен басқа) дербес сәйкестендіру нөмір-кодтары болған жағдайлар бас тартуға негіз болып табылады.</p>
10	<p>Мемлекеттік қызмет көрсетеу, оның ішінде электрондық нысанда және Мемлекеттік корпорациясы арқылы көрсетеу ерекшеліктері ескеріле отырып, өзге де талаптар</p>	<p>"Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы" Қазақстан Республикасының Кодексімен белгіленген өзіне өзі қызмет көрсетеу, өздігінен қозғалу, бағдарлау қабілетін немесе мүмкіндігін толық немесе ішінara жоғалтқан көрсетілетін қызметті алушыларға мемлекеттік қызметті көрсетеу үшін құжаттарды кабылдауды 1414, 8 800 080 7777 Бірыңгай байланыс орталығына жүргізу арқылы тұрғылықты жері бойынша шыға отырып, Мемлекеттік корпорацияның қызметкерлері жүргізеді (мемлекеттік қызметті мемлекеттік корпорация арқылы көрсетеу кезінде).</p>

Дербес сәйкестендіру
 нөмір-кодтарын беру
 қагидаларына
 3-қосымша
 Нысан

(көрсетілетін қызметті

Құжаттарды қабылдаудан бас тарту туралы қолхат

"Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 20-бабы 2-тармағын басшылыққа ала отырып, "Азаматтарға арналған үкімет" Мемлекеттік корпорациясы филиалының №__ бөлімі (мекенжайы көрсетілсін) Сіздің Қағидаларға 1-қосымшада көзделген тізбеке сәйкес құжаттардың толық топтамасын табыс етпеуіңізге байланысты "Мұнай өнімдерінің жекелеген түрлерін өндірушілерге (импорттаушыларға), сондай-ақ акцизделетін өнімдердің кейбір түрлерін, авиациялық отын мен мазут өндірушілер мен иморттаушылардың тауарларына дербес сәйкестендіру нөмірін (ДСН-код) беру" мемлекеттік қызметтің көрсетуге құжаттарды қабылдаудан (қажеттінің астын сызу керек):

"Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасы Кодексінің (Салық кодексі) 88-бабына сәйкес, салық салу объектілерінің және (немесе) салық салуға байланысты объектілердің орналасқан жері бойынша жекелеген қызмет түрлерін жүзеге асыратын салық төлеуші ретінде тіркеу есебіне қойылмаған;

Этил спиртіне және/немесе толысылған шарапқа, алкоголь өніміне дербес сәйкестендіру нөмір-кодтары болған жағдайларда бас тартады.

Жоқ құжаттардың атауы:

- 1) _____;
- 2) _____;
- 3)

Осы қолхат әрбір тарап үшін бір-бірден 2 данада жасалды.

Мемлекеттік корпорациясының қызметкерінің тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда) _____ (қолы)

Орындаушы: тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда) _____

Телефон _____

Алдың:

көрсетілетін қызметті алушының тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда) / қолы 20__ жылғы "___" _____

Дербес сәйкестендіру
нөмір-кодтарын беру
қағидаларына
4-қосымша
Нысан

Дербес сәйкестендіру нөмір-кодтарының құрылымы

ДСН-кодтарының құрылымы мынадай схемада көрсетіледі:



Бірінші фасет (бірінші топ төрт цифрдан) – этил спиртін және/немесе толысылған шараппен, алкоголь өнімін (сыра қайнату өнімдерінен басқа) өндіретін (импорттайтын) занды (жеке) тұлғаның коды.

Екінші фасет (екінші топ екі саннын) – өнімнің түрі.

Үшінші фасет (үшінші топ төрт цифрдан) – өнімнің атауы.

Төртінші фасет (төртінші топ екі саннын) – қолданылатын ыдыстың көлемі.